

Мақтаарал ауданы білім бөлімі «Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Бекітемін:

«Нұрлы-Жол» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Дилеубаева



«Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшасы

**2023 – 2024 оқу жылына
жылдық жұмыс жоспары.**

2023-2024

Жамбыл ауылы

I. Ақпарат анықтама

Мектепке дейінгі мекеменің жалпы сипаттамасы

I. Мектепке дейінгі ұйымның жалпы сипаттамасы

Ұйымның атауы: «Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшасы

Мекенжай: Мақтаарал ауданы, Жамбыл ауылы, Қосбаев көшесі

Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Телефон / 8 7471243570

Электронды пошта:

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері Қ.Досаева

Ұйым түрі: Жекеменшік

Пайдалануға берілген жылы: 2015ж

Ғимараттың салынған жылы: 2010 ж

Оқу тілі: Қазақ

Топтар саны: 3

Тәрбиеленушілер саны: 70

Оқу жылының жұмысын талдау

Өткен оқу жылында бөбекжай -балабақшада 3 топ жұмыс істеді. Топтарда 65бала тәрбиеленді. Оқу тәрбие жұмыстары мемлекеттік тілде жүргізілді.

Әдістемелік кабинет Қазақстан туралы әдістемелік және ғылыми көркем әдебиетпен толықтырылды. Балабақшаның материалдық – техникалық базасын жақсарту мақсатында белсенді тақта, кіші топтарға ойыншықтар алынды.

2022 – 2023 оқу жылында балабақша төмендегі тапсырмаларды орындау барысында жұмыс жүргізді.

«Шығармашылық» білім саласы.

«Таным» білім саласы.

Оқу жылында тоқсан сайын балалардың даму дәрежесіне бақылау жүргізілді. Жыл бойы да педагогикалық кеңестер, меңгеруші жанындағы кеңестер, өндірістік кеңестер өтілді.

Балабақша ұжымы бекітілген жоспар бойынша жұмыс жүргізді.

Әр тәрбиеші оқу жылында ашық және тақырыпты ұйымдастырылған іс – әрекетін дайындады. Бул жұмысқа тәрбиешілер үлкен жауапкершілікпен қарады.

Қызықты көрнекі құралдармен тәрбиешілер ұйымдастырылған іс-әрекетті ойын түрінде өткізді.

Балалардың сөздік қорларын байыту, байланыстырып сөйлеуге үйретуге арналған карточкалар, суреттер жинақталды. Тәрбиешілер жұмыс жоспарын түзеп, сабаққа қажетті жағдай жасауға байланысты жұмыстар жүргізілді. Мектепке дейінгі ұйымдар арасында отбасылық және ұлттық құндылықтарға баулу мақсатында Халықаралық әйелдер күніне арналған «Ана, әже және мен» атты байқау болды одан балабақша алғыс хат алды. Наурыз мейрамын тойлауға арналған «Шымырлықпен шеберлік күні»тақырыбында өткен «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» қол өнер байқауы болды одан балабақша ұшымына алғыс хат берілді. «Замануи дәстүрлі емес сурет салу техникасы» байқауға қатысып алғыс хат алды.

Тәрбиешілер барлық іс – шараға белсене дайындалып балалармен ата-аналар алғысын алып отырды

Тіл мерекесіне арналған апталық өткерілді. «Басқа тілдің бәрін біл өз тілімізді құрметте»

«Толағай» спорттық жарыс өткізілді. Наурыз мерекесінде ата-аналардың қатысуымен «Наурызым келді» тақырыбында үлкен іс-шара өткізілді.

№ р/ с	Топтың атауы	Жас ерекшелігі	Топ	Тәрбиешілер
1	Көгершін	4 жас	25	А.Тузелова
2	Балдырған	3 жас	20	Б.Ахылтаева
3	Балапан	2жас	20	Т.Нурашева

ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР СИПАТТАМАЛАРЫ

Балабақша ұжымы штат кестесіне сәйкес жұмыс істейді.

Педагог қызметкерлер құрамы 4 _____ адам.

Оның ішінде: _ әдіскер, , _ тәрбиеші, __ қазақ тілі оқытушысы.

Педагог қызметкерлер құрамын талдау (білімі және санаты)	Саны	Пайызы
Жоғарғы мектепке дейінгі білім Жоғарғы педагогикалық білім	4	50%
Орта арнаулы мектепке дейінгі	2	50%
Жоғары санат Зерттеуші	0	
Бірінші санат Сарапшы	0	
Екінші санат Модератор		%
Санат жоқ		

Мектепке дейінгі ұйымда жұмыс жасайтын барлық педагогтер сәйкес келетін негізгі педагогикалық білімге ие

2 _33,4% жоғары педагогикалық білімге ие педагогтер,

1_16.6 % жоғары мектепке дейінгі біліммен,

3_ 50% орта арнаулы мектепке дейінгі білім

Біліктілік санаттары жоқ педагогтер – 4

Оқу жылы	0-5 жыл	5-10 жыл	10-20 жыл	20 және одан жоғары	Барлығы
2023_-2024_ оқу жылы	1	2	1		

2023_-2024_ оқу жылы аттестаттаудан өтетін педагогтер саны

Оқу жылы	Аттестаттаудан өтетін педагогтер		
	Жоғары (беру/растау)	сарапшы	Модератор
2023_-2024_ оқу жылы			4

Тәрбие-білім беру үрдісін талдау
2023-2024 оқу жылы

№	тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру	Міндеттері	жауаптылар
1	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген	1) тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына; 2) тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне; 3) тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды.	Меңгеруші, әдіскер
2	Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны - балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауы	қауіпсіз (заттардың қауіпсіздігі мен жиһаздардың орнықты орналасуы); балалардың жасына және Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес болуы);	Меңгеруші, әдіскер
3	перспективалық жоспарға;	Перспективалық жоспарды Үлгілік оқу	Меңгеруші, әдіскер

	Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп, жасайды	
--	--	--

2023_-2024_ оқу жылындағы міндеттері:

«Денсаулық» білім саласы

Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың толыққанды денесін және психикасын дамытатын, ағзаны шынықтыратын, негізгі қимылдарды дамытатын жағдайлармен қамтамасыз ету.

Балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға жағдай жасау;

Жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдікті жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту және үйлестіру.

Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру.

«Шығармашылық» білім саласы

Балалардың әдеттен тыс әдістерді қолдану арқылы шығармашылығын дамыту, сұлулыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі балаларды әсемдікке тәрбиелеу арқылы жан – жақты және үйлесімді дамыту.

Бекітемін:



**2 жастан 4 жасқа дейінгі балаларды
мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспары
2023-2024 оқу жылы**

с	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары		
		Кіші топ(2-жастан бастап)	орта жас тобы (3 жастан бастап)	ересек жас тобы (4жастан бастап)
	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру **	күн сайын	күн сайын	күн сайын
	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі		аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***		күн сайын	күн сайын
	Сауат ашу негіздері		-	-
	Математика негіздері	-	күн сайын	күн сайын
	Сенсорика	күн сайын	-	-
	Қоршаған ортамен танысу	күн сайын	күн сайын	күн сайын
	Сурет салу	күн сайын	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын	күн сайын
	Жапсыру	-	күн сайын	күн сайын
	Құрастыру	-	күн сайын	күн сайын
	Музыка	аптасына бір	аптасына бір	аптасына екі рет

Музыка ****	күн сайын	күн сайын	күн сайын
Вариативтік компонент			

Бекітемін:



Мақтаарал ауданы білім бөлімінің «Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшасы
 2023-2024 оқу жылына арналған.

Ересек топ (4-жас)

КҮН ТӘРТІБІ

Режимдік сәттер	Уақыты
1	2
Қабылдау, тексеріп - қабылдау, таңертенгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	08.00 - 08.50
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	08.50 - 09.20
Дербес әрекет, ҰІӘ дайындық	09.20 - 9.30
ҰІӘ	9.30 - 10.10
Серуенге дайындық, серуен	10.10 - 12.10
Серуеннен оралу	12.10 - 12.30
Түскі асқа дайындық, түскі ас	12.30 - 13.00
Ұйқыға дайындық, ұйқы	13.00 - 15.00
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.00 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 16.00
Ойындар, дербес әрекет	16.00 - 16.45

Серуенге дайындық, серуен	16.45 - 17.30
Серуеннен оралу	17.30 - 17.50
Балалардың үйге қайтауы	17.50 - 18.30

Бекітемін:



Әдіскер:

**Мақтаарал ауданы білім бөлімінің «Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшасы
 2023-2024 оқу жылына арналған.**

Кіші топ (2-жас)

КҮН ТӘРТІБІ

Режимдік сәттер	Уақыты
1	2
Қабылдау, тексеріп - қабылдау, танертенгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	08.00 - 08.50
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	08.50 - 09.30
Дербес әрекет, ҰІӨ дайындық	09.30 - 10.00
ҰІӨ	10.00 - 10.35
Серуенге дайындық, серуен	10.35 - 11.40
Серуеннен оралу	11.40 - 12.00
Түскі асқа дайындық, түскі ас	12.00 - 12.30
Ұйқыға дайындық, ұйқы	12.30 - 15.00

Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.00 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 16.00
Ойындар, дербес әрекет	16.00 - 16.35
Серуенге дайындық, серуен	16.35 - 17.30
Серуеннен оралу	17.30 - 17.50
Балалардың үйге қайтауы	17.50 - 18.30

Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету және балабақша туралы жалпы мәлімет

№	Құжат атауы	Көрсетілген құжаттардан шығатын нұсқаулар
1.	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы.	Мектепке дейінгі тәрбие.
2.	«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы	баланы толыққанды дамыту – қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, достық қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі.
3.	«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым 6 министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.	Дамытушы ортаны ұйымдастыру. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының базалық мазмұнына негізгі талаптарды белгілейді. Баланың құзырлылығын жалпы білім беру іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қалыптастыруға бағытталған мектепке дейін тәрбие және оқытудың базалық мазмұнын анықтайды.
4.	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР 2010.11.23 № 354-IV Заңы.	Әрбір баланың жеке басының ерекшеліктерін ескеру, әрбір баланы жеке тұлға ретінде құрметтеу.
5.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы. ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 № 422 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.	Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу.

6.	«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.	Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары.
7.	«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №306 Заңы.	Ойыншықтар қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі талаптарды айқындау, белгілеу, қолдану, орындау және бақылау жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді.
8.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 125 бұйрығы.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары.
9.	Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ	Ұжымдағы өзара қарым-қатынасты реттейді. Қызметкерлердің еңбегін қорғау бойынша жұмысты қамтамасыз етеді.
10.	«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № 59 бұйрығы.	Бала өмірін және денсаулығын қорғау бойынша жұмысты, баланың дене бітімінің дамуын, эмоционалдық және психикалық дамуын қамтамасыз ету.
11.	«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.	Балабақшаны жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары.

12.	«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI Заңы	Заң педагогтің мәртебесін айқындайды және оның құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктері мен шектеулерін, міндеттемелері мен жауапкершілігін белгілейді.
13.	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы).	Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу барысында жалпы адамзаттық құндылықтарға мән беру.
14.	«Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығы.	Керекті құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесі.
15.	«Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы.	Біліктілікті арттыру курсынан өту.
16	Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы	мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау; 2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау; 3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету; 4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;

17	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі № 130	Оқу жылының басында бір рет баланың оқу жылына арналған жеке даму картасын әзірлейді және диагностиканың (бастапқы, аралық, қорытынды бақылау) нәтижелері бойынша жеке даму картасына өзгерістер енгізеді.
----	--	--

2023 – 2024 оқу жылына жылдық жұмыс жоспары

Мақсаты: Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында және мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру ұсынылады .

I кезеңнің міндеттері: Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етуі;
 - балалардың жастарына сәйкес болуы;
 - тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қол жетімді болуы; Дамытушы заттық-кеңістіктік орта;

ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫҢ БӨЛІМДЕРІ	АЙЛАР										жауаптылар	
	тамыз	қыргүйек	қазан	қараша	желтоқсан	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	ескертүүлەر	
1. <u>Саламатты өмір салтын ұйымдастыру:</u> МАҚСАТЫ: Денсаулық сақтау технологияларын енгізу арқылы балалар мен балабақша педагогтерінің саламатты өмір салтын қалыптастыру.												
«Дене шынықтыру» ҮІӨ (ДШ)	ДШ	ДШ	ДШ	ДШ	ДШ	ДШ	ДШ	ДШ	ДШ	ДШ	ДШ	Топ тәрбиешілер ҮІӨ үлгілік оқу жоспарына сәйкес

Денсаулық күндері (ДК)		ДК				ДК			ДК		тәрбиешілер. ДК тоқсан сайын. Тақырыбы мен өткізу түрі жылдық міндеттерге сәйкес.
Дене шынықтыру мерекелері (ДШМ)						ДШМ Же3			ДШМ Же4		Ересек топтары жылына 2 рет өткізіледі. Тақырыбы мен өткізу түрі жылдық міндеттерге сәйкес.
Медициналық-педагогикалық бақылау (МПБ)		МПБ							МПБ		Медбике жоспарына сәйкес жылына 2 рет өткізіледі. Дене шынықтыру бойынша ҰІӨ-тің жалпы және моторлы тығыздығы, антропометрия, өкпе ауқымын өлшеу, динамометрия, лақтыру және секіру қашықтығын өлшеу.
<p>2. Педагогикалық кадрлармен жұмыс: МАҚСАТЫ: Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің өздігінен білім дағдыларын көрету және жетілдіру жұмыстарын жүргізу; жас мамандардың құзыреттіліктерін жетілдіру және озық педагогтердің тәжірибесімен алмасу.</p>											
Біліктілікті арттыру (БА)											БА МДҰ біліктілікті арттырудың индикативті жоспарына сәйкес жүргізіледі.
Педагогтерге арналған кеңестер (ПҚ)		ПҚ	ПҚ	ПҚ	ПҚ	ПҚ	ПҚ	ПҚ	ПҚ	ПҚ	Әдіскер, педагог Жылдық жоспарға сәйкес.
Әдістемелік кабинеттің жұмысы (ӘКЖ)		ӘКЖ	ӘКЖ	ӘКЖ	ӘКЖ	ӘКЖ	ӘКЖ	ӘКЖ	ӘКЖ	ӘКЖ	Менгеруші, әдіскер. Жылдық жоспарға сәйкес.

3. Тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру: Ұйымдастырылған іс-әрекеті		ҮІӨ	ҮІӨ	ҮІӨ	ҮІӨ	ҮІӨ	ҮІӨ	ҮІӨ	ҮІӨ	ҮІӨ	Әдіскер. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру стандартының талаптарын орындау.
Білім беру процесінің ашық көрсетілімі (АҚ) Қорытынды көрсетілім (ҚК)									АҚ,ҚК		Әдіскер, педагогтер. Жылдық жоспарға сәйкес.
Педагогикалық кеңес (ПК)	ПК			ПК		ПК				ПК	Педагогтер, мамандар. Педагогикалық кеңес туралы ереже негізінде.
Семинар (ӘК)											Әдіскер.
Мерекелік ертеңгіліктер (МЕ)		МЕ	МЕ		МЕ			МЕ		МЕ	Тәрбиешілер, музыка жетекшісі,
Көрмелер (К)			К		К			К			педагогтер Жылдық жоспарға сәйкес.
Мақсатты серуендер, саяхаттар (МС)			МС			МС		МС			Тәрбиешілер. Жоспарға сәйкес.
Көшеде жүру ережелері (КЖЕ)		КЖЕ	КЖЕ	КЖЕ	КЖЕ	КЖЕ	КЖЕ	КЖЕ	КЖЕ	КЖЕ	Тәрбиешілер. Жоспарға сәйкес.
Тақырыптық сабақтар (ТС) ашық көрсетілім										ТС	Тәрбиешілер. Жоспарға сәйкес.
4. Әлеуметпен жұмыс: Ата-аналар жиналысы (АЖ)		АЖ			АЖ					АЖ	Меңгеруші. Мамыр айында ата-аналар жиналысы конференция түрінде өткізіледі.
Ата-аналарға арналған кеңестер пункт жұмысы (АК)		АКП	АКП	АКП	АКП	АКП	АКП	АКП	АКП	АКП	АКП жыл бойы жұмыс жасайды. Қыргүйек, желтоқсан мамыр айларында АКП-нің ұйымдастыру, аралық және қорытынды жұмыстарына талдау жасалады.
Мектеппен сабақтастық (МС)		МС	МС	МС	МС	МС	МС	МС	МС	МС	Әдіскер. Жоспарға сәйкес.

I бөлім «Саламатты өмір салтын ұйымдастыру»

Денсаулық күндері:

№ р/р	Тақырыбы	Іс-шара түрлері	Жауаптылар	Мерзімі
1.	Денсаулық апталығы	Бастапқы диагностика	Топ тәрбиешілері	Қыргүйек
2.	«Көңілді доптар» кіші тобындағы денсаулық күндері	Қозғалмалы ойындар	Топ тәрбишісі	Қыргүйек, қаңтар, сәуір айларының 1 аптасы
3.	«Сикырлы ойындар» ортаңғы тобындағы денсаулық күндері	Қозғалмалы ойындар	Топ тәрбишісі	Қыргүйек, қаңтар, сәуір айларының 2 аптасы

Дене шынықтыру мерекелері:

№ р/р	Тақырыбы	Топтар	Жауаптылар	Мерзімі
1.	«Спорт! Спорт! Спорт!» спорттық эстафеталық ойындар	«Ақбота» ересек тобындағы дене шынықтыру мерекелері	Топ тәрбишісі	Қаңтар
2.	«Дені саудың - жаны сау» жарыс	«Ақбота» ересек тобындағы дене шынықтыру мерекелері	Топ тәрбишісі	Сәуір
3.	«Кішкентай олимпиада» спорттық эстафеталық ойындар	«Ақбота» ересек тобындағы дене шынықтыру мерекелері	Топ тәрбишісі	Сәуір

Рационалды теңдестірілген тамақтануды ұйымдастыру:

№ р/р	Жұмыстың мазмұны	Кім тексеріледі?	Жауаптылар	Мерзімі
1.	Тамақтандыруды ұйымдастыру.	Аспаздар, қоймашы	Медбике	Қыргүйек
2.	Тамақтандыруды ұйымдастыру кезіндегі қызметкерлердің міндеттемелері.	Аспаздар, қоймашы	Меңгеруші	Қыргүйек
3.	Тамақтандыру бойынша құжаттар.	Қоймашы, медбике	Меңгеруші	Қазан
4.	Қысқы мерзімдегі тағамды витаминизациялау.	Қоймашы, медбике	Меңгеруші	Қаңтар
5.	Тамақ әзірлеу блогын, ыдыс-аяқтың санитарлы жағдайы.	Аспаздар, көмекші жұмысшы	Медбике	Ақпан
6.	САНПиН талаптары бойынша өнімдерді сақтау нормалары.	Аспаздар	Медбике	Наурыз

1.	жазғы-сауықтыру мезгілінде тамақтандыру жөнінде кепілдемелерді сақтау.	Аспаздар	медоике	Сәуір
Медициналық-педагогикалық бақылау (медбикенің жұмыс жоспары):				
№ р/р	Жұмыстың мазмұны	Кім тексеріледі?	Жауаптылар	Мерзімі
1.	Әр топ балаларының тізімін бекіту	Барлық топтар	Меңгеруші	Қыргүйе к
2.	Дәрігерден тексеруден өткені жайлы ұжымды бақылауға алу	Барлық қызметкерлер	Медбике	Күнделі кті
3.	Оқу мен тәрбие жұмысында тазалық жұмыстарын күнделікті қадағалау	Барлық қызметкерлер	Медбике	Күнделі кті
4.	Таза ауаны көп мөлшерде қолдану (серуен, бөлмелерді таза ауамен желдету, кварцтау талаптарын қолдану)	Барлық қызметкерлер	Медбике	Күнделі кті
5.	10-күндік ас мәзірін құнарлы тағамдармен, 3-ші дәмді витаминделген тағаммен есептеу	-	Медбике	Күнделі кті
6.	Брокераж журналын жүргізу – дайын, шикі тағамдардан	-	Медбике	Күнделі кті
7.	Ф 26, Ф63 үлгідегі егу, ауырған ауруына, алдын ала тексеру жүргізу	Барлық топтар	Медбике	Күнделі кті
8.	«Д» - тізіміндегі балаларды тексеру	Барлық топтар	Медбике	Күнделі кті
9.	Әр баланың психикалық, табиғи дамуын бағалау, денсаулық тобын анықтау	Барлық топтар	Медбике	Күнделі кті
10.	Жылдық, айлық егу жұмысының жоспарын құру	-	Медбике	Жыл, ай бойы
11.	Жылдық жоспарға сәйкес балалар, ата-аналар, қызметкерлер арасында тазалық іс-шараларын жүргізу. Жұмыс тақырыбы: - тұмаудың алдын алу шаралары; - тері аурулары; - дұрыс тамақтану; - ішек аурулары; - глистік инфекция ауруының алдын алу;	Барлық топтар	Медбике	Жыл бойы
11.	Балаларды таңертеңгілік қабылдау: - кіші тобы (филтрлік журнал, табель); - жабылған (карантин) топтарды бақылау.	Барлық топтар	Медбике	Жабық кезінде
12.	Ауырған балаларға көмек көрсету	Барлық топтар	Медбике	Күнделі кті
13.	Карантин кезінде дезинфекциялық іс-шаралардың жүргізілуін бақылау	Барлық қызметкерлер	Медбике	Күнделі кті

14.	1 ағамдарды қабылдау, сақтау ережелерін бақылау	қоимашы	медоике	күнделікті
15.	Тәрбиешілерге кеңес беру, ДЦП, психологиялық жетілуі, кеуденің, белдік жетілмеуі, ВПС–ерінің жоғары, төменгі қызметінің бұзылуы. Сол себептен өткізу: - жеке бас дамуына сәйкес дәрігерлік сабақтар өткізу; - нүктелі уқалау, дұрыс дем ала білу, жалпы дамытып емдеу	Тәрбиешілер	медбике	Күнделікті

II бөлім «Педагогикалық кадрлармен жұмыс»

Біліктілікті арттыру:

№ р/р	Жұмыстың мазмұны	Жұмыстың түрі	Жауаптылар	Мерзімі
1	Білім жетілдіру курстары және жетістіктер апталығына қатысу арқылы педагогтердің оқып, білімін жетілдіруін қамтамасыз ету.	Курстарға қатысу	Әдіскер	Қыргүйек
2	Біліктілікті арттыру курстарынан өтуге тапсырысты жасау.	Тапсырыс беру	Әдіскер	Қыргүйек
3	Педагогтердің білім көтеру бойынша атқарылған жұмыстарының шығармашылық есебі.	Есеп беру	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер	Жыл бойы

Әдістемелік кабинеттің жұмысы

№ р/р	Жұмыстың мазмұны	Жауаптылар	Мерзімі
1.	ҚР нормативтік құжаттарымен танысу.	Меңгеруші	Үнемі
2.	Кабинетті конспектілермен, әдістемелік жоспарлар, әдебиеттер, демонстрациялық материал, сценарийлармен жабдықтауды жалғастыру.	Әдіскер	Жыл бойы
3.	Педагогтердің жетістіктері мен мәселелерінің диагностикасын өткізу.	Әдіскер	Тамыз
4.	Әрбір педагогке бағдарламаны терең талдап танысуына көмектесу. Жылдық жоспардың әдіс-тәсілдерін таңдау бойынша өндірістік жиналыс өткізу.	Әдіскер	Қыркүйек
5.	Тәрбиешілерге арналған кеңестер: - топты жабдықтау; кітаптар бұрышы	Әдіскер	Қазан

Педагогтерге арналған кеңестер:

№ р/р	Тақырыбы	Жауаптылар	Мерзімі
1.	Кеңес «Баланың балабақшаға бейімделуі»	Әдіскер	Қыркүйек
2.	Кеңес «Балабақшадағы дамытушы бұрышы»	Әдіскер	Қазан
3.	Кеңес «Балабақшадағы құрастыру түрлері»	Әдіскер	Қазан
4.	Кеңес «Математика негіздерінде қолданылатын әдістердің өзіндік ерекшеліктері»	Әдіскер	Қараша
5.	Кеңес «Әр түрлі балалар іс-әрекетінде балалардың математика негізінде қолданылатын түсінік қалыптастыру»	Әдіскер	Желтоқсан

III бөлім «Тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру»

Білім беру процесінің ашық көрсетілімі:

№ р/р	Жұмыстың мазмұны	жауаптылар	мерзімі
1.	«Үлкенге құрмет, кішіге ізет» ұйымдастырылған іс-әрекеті	Ересек топ А.Тузелова	Сәуір
3.	«Жақсы деген немене. жаман деген немене» ұйымдастырылған іс-әрекеті	Ортаңғы топ Б.Ақылтаева	Сәуір
4.	«Отбасы» ұйымдастырылған іс-әрекеті	Кіші топ Т.Нурашева	Сәуір

Педагогикалық кеңестер:

№ р/р	Жұмыстың мазмұны	Жауаптылар	Мерзімі
1.	<p>1 педагогикалық кеңес.</p> <p>1. Балабақшаның жылдық жоспарын, күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту.</p> <p>2. Жазғы сауықтыру кезінде істелінген жұмыс есебі.</p> <p>3. Қ.Р-ның Мектепке дейінгі ұйымдарда 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.</p>	Меңгеруші, әдіскер	
2.	<p>2 педагогикалық кеңес.</p> <p>1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы</p> <p>2. «Балабақшада ұлттық ойындарды дамыту» (Баяндама)</p>	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер	

3.	<p>3 педагогикалық кеңес.</p> <p>1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы .</p> <p>2. Оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару жұмысының есебі.</p> <p>3. Төтенше жағдайларда балалалар қауіпсіздігін сақтау негіздері.</p> <p>4. Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы</p> <p>(Баяндама)</p>	меңгеруші, әдіскер, педагогтер	
4.	<p>4 педагогикалық кеңес.</p> <p>Тақырыбы: тәртібінде:</p> <p>1. Қорытынды педагогикалық кеңес 2023-2024 оқу жылының қорытындысы.</p> <p>2. Жазғы сауықтыру жоспарын бекіту.</p> <p>3. Екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім күзиреттілігін қалыптастырудың мониторингі.</p>	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер	

Мерекелік ертеңгіліктер:

№ р/р	Жұмыстың мазмұны	Жауаптылар	Мерзімі
1.	«Сәлем, балабақшам!» 1 қыркүйек білім күні	тәрбиешілер	Қыркүйек
2.	«Тілім — менің тірегім!» Тіл мерекесіне арналған іс-шаралар.	.тәрбиешілер	Қыркүйек
3.	«Қарттар — еліміздің қазынасы!» Қарттар күніне арналған мерекелік іс-шаралар.		Қазан
4.	«Ұстаз — ардақты адам!» Ұстаз күніне арналған мерекелік іс-шаралар.	тәрбиешілер	Қазан
5.	25 қазан-Республика күні «Қазақстан-туған елім,ұлы өлкем»	.тәрбиешілер	Қазан

6.	«Қош келдің, Алтын күз!»	.тәрбиешілер	қазан
7	«Менің Қазақстаным!» Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік Күніне арналған мерекелік іс-шаралар	.тәрбиешілер	Желтоқсан
8	Жаңа жыл мерекесіне арналған салтанатты ертеңгіліктер.	Музыкант.тәрбиешілер	Желтоқсан
9	«Аяулы ана!» 8 наурыз күніне арналған мерекелік іс-шаралар.	Музыкант.тәрбиешілер	Наурыз
10	«Алақай, наурыз келді!» 22 наурыз күніне арналған іс-шаралар.	Музыкант.тәрбиешілер	Наурыз
11	«Ғарыш және Галактика». Ересек және дайындық тобындағы ойын-сауық	Музыкант.тәрбиешілер	Сәуір
12	«Келісім — достық кепілі». 1 мамырға арналған мерекелер	Музыкант.тәрбиешілер	Мамыр
13	«Жеңіс күні жасасын!» 9 мамырға арналған салтанатты жиын	Музыкант.тәрбиешілер	Мамыр
14	«Қош бол, балабақша!» ертеңгіліктер	Музыкант.тәрбиешілер	Мамыр
15	«Бақытты балалық шақ!» Балаларды қорғау күніне арналған іс-шаралар.	Музыкант.тәрбиешілер	Мамыр
16	«Кел, балалар, ойнайық!» Денсаулық күнін ұлттық ойындар түрінде өткізу.	Музыкант.тәрбиешілер	Мамыр

Көрмелер:

1.	Күз мезгіліне «Күзгі сұлулық»	Тәрбиешілер	Қазан
2	Ғажайып қыс» қысқы көрме	Тәрбиешілер	қаңтар
3	«Көктем келді, тамаша!» суреттер көрмесі	Тәрбиешілер	Наурыз

Көшеде жүру ережелері:

№ р/р	Жұмыстың мазмұны	Жауаптылар	Мерзімі
1.	«Көшеде жүру ережелері» ойын-сауық	Ортаңғы топ тәрбиешілері	Қыркүйек

2.	«Жол ережелері» ойын-сауық	ерсек топ тәрбиешілері	қазан
3.	«Абайла, бағдаршам!» топтарда көрме ұйымдастыру	Тәрбиешілер	Оқу жылы бойы
4.	«Жаяу жүргіншілер мектебі» әңгімелесу	Кіші топ тәрбиешілері	Желтоқсан
5.	«Абайлаңыз, көк тайғақ» әңгімелесу	Топ тәрбиешілері	Қаңтар
6.	«Бағдаршам әлемі» тақырыбындағы балалардың суреттері	Әдіскер, топ тәрбиешілері	Наурыз

Тақырыптық сабақтар:

№ р/р	Жұмыстың мазмұны	Жауаптылар	Мерзімі
1.	«Мен елімнің патриотымын» тақырыбында Білім күніне арналған тақырыптық сабақтар	Педагогтер	Қыргүйек
3.	16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған тақырыптық сабақтар	Педагогтер	Желтоқсан
4.	12 сәуір - Халықаралық авиация және ғарышкерлер күніне арналған тақырыптық сабақтар	Педагогтер	Сәуір
5.	1 Мамыр - Қазақстан Халықтарының Бірлігі күніне арналған тақырыптық сабақтар	Педагогтер	Мамыр
6.	7 Мамыр – Отан қорғаушылар күніне арналған тақырыптық сабақтар	Педагогтер	Мамыр
7.	9 Мамыр - Жеңіс күніне арналған тақырыптық сабақтар	Педагогтер	Мамыр

IV бөлім «Әлеуметпен жұмыс»

Ата-аналар жиналысы:

№ р/р	Жұмыстың мазмұны	Жауаптылар	Мерзімі
1.	1. Кіріспе сөз 2. «Кел танысайық!» 3. Балабақшаның күн тәртібі 4. Баланың балабақшаға бейімделуі (баяндама оқу). 5. Ата-аналар комитетін сайлау. 6. Қорытынды.	Меңгеруші, әдіскер, медбике	Қыргүйек - қазан
2.	1. Ата-аналарға балалардың балабақшаға бейімделуі туралы кеңес беру. 2. Жаңа жыл мерекесі балаларды қауіпсіздігін сақтау	Әдіскер, тәрбиешілер, медбике	желтоқсан

3	1.Балалардың тәрбие мен білім алу бойынша жылдық жұмыстың есебі, қорытындысы. 2.Жазғы –сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру		мамыр
---	--	--	-------

Консультацялық пунктiнiң 2023-2024 оқу жылына арналған жұмысы жомпары.

№ р/р	тақырыбы	Өткізу формасы	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Баланың белсенділігін артыру,баланы балабақшаға бейімдеу,	кеңестер	Қыргүйек	Тәрбиешілер
2.	Баланың тәрбесінде ата-ана маңызы.	кеңес	казан	Әдіскер:
3	Тазалық –саулық негізі,саулық-байлық негізі.	кеңес	Қараша	Медбике:
4	Ойыншықтың маңызы.	Дөңгелек стол	желтоқсан	тәрбиешілер
5	Балабақшадағы тамақты үйде ұйымдастыру.	кеңес	қаңтар	Мед бике
6	«Күлкімен өткен әрбір күн жарық» (баланың эмоционалдық жағдайы)	Дөңгелек үстел	Ақпан	тәрбиешілер
7	Қол моторикасын жүргізу	кеңес	наурыз	тәрбиешілер
8	Баланы сахнаға бейімдеу	кеңес	сәуір	тәрбиешілер
9	«Секіру» (балалармен қимыл қозғалыс ойындары)	Ойын-сабақ	Сәуір	Тәрбиешілер
10	Сүйкімді балапан саусақпен бояу	Ойын сабақ	Мамыр	тәрбиешілер

Әкімшілік-шаруашылық қызмет:

№ р/р	Жұмыстың мазмұны	Жауаптылар	Мерзімі
1.	Жылу жүйесін тазалау		Маусым
2.	Кабинеттерді көрнекі құралдармен толтыру	Тәрбиешілер	Жыл бойы
3.	Жеке және мемлекеттік мүлікті сақтауға және денсаулықты қорғау, техникалық сауықтыру шараларына нұсқаулар	Меңгеруші	Қыркүйек
4.	Айналаның тазалық жағдайы		Ай бойы
5.	Дәрі-дәрмек сатып алу	Медбике	Қыркүйек
6.	Балабақшаны көгалдандыру, гүлдендіру		Ай бойы

1.	қысқа дайындық		қазан
8.	Жылу беру маусымына дайындалу	әкімшілік	Қазан
9.	Балабақшадағы жиһаз жағдайын тексеру	әкімшілік	Қараша
10.	Түгендеу жұмысы	әкімшілік	Қараша
11.	Шырша ойыншықтарын сатып алу	Меңгеруші,	Желтоқсан
12.	Жаңа жыл мерекелерін өткізуде балабақша ұжымын өрттен сақтану ережелерімен таныстыру	Меңгеруші,	Желтоқсан
13.	Балабақша ішін тазалау	Қызметкерлер	Қаңтар
14.	Мүз айдынын әшекейлеу байқауы	Әкімшілік	Қаңтар
15.	Жуу құралдарын сатып алу	Меңгеруші,	Жыл бойы
16.	Топтардағы құралдарды жөндеу		Наурыз
17.	Балабақша алаңын тазалауға сенбілік ұйымдастыру	Балабақша ұжымы	Сәуір
18.	Жазғы демалыс орындарын дайындау: -ағаштарды отырғызу, өңдеу; -гүлбақшаны қалыптастыру;	Меңгеруші,	Ай сайын
19.	Балабақша ішін тазалау (терезе жуу, жиһаз жөндеу)	Меңгеруші,	Ай сайын
20.	Алаңды жөндеу	Меңгеруші,	Мамыр
21.	Құм әкелу	Меңгеруші,	Мамыр-шілде
22.	Топтарды жазғы жөндеуге дайындау	Меңгеруші,	Мамыр

Әкімшілік жиналыстар

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. Балабақша қызметкерлерімен еңбек шартын таныстыру.	Қыркүйек	меңгеруші
	2.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығына шолу тексеру қорытынды		меңгеруші
	3. Жаңа келген балдарды балабақша тәртібімен таныстыру.		меңгеруші
			Меңгеруші,
	2. «Алтын күз» мерекесін жоспарлау		Меңгеруші,
	3. «Тәуелсіздік» күні, «Жаңа жыл» мерекесінің сценариін бекіту		Меңгеруші,
	4. Кіріс құжаттарды талқылау		Меңгеруші,

3	1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	қаңтар	Меңгеруші
	2. «Тәуелсіздік» күні, «Жаңа жыл» мерекесін талқылау		
	3. Жарты жылдық мониторинг қорытындысы		
	4. Кіріс құжаттарды талқылау		
4	1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	Наурыз	Меңгеруші,
	2. 8 наурыз, Наурыз мерекелеріңіз сценарилерін бекіту		
	3. Еңбекке баулу, ұжымда өзара қарым-қатынас лерін сақтау арқылы жүзеге асыру.		
	4. Аудандық сайыстарға қатысу туралы		
	5. Тақырыптық тексеру қортындысы		
5	1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	Мамыр	Меңгеруші,
	2. 8 наурыз, Наурыз мерекелеріңіз мерекелерін талқылау		
	3. 1 мамыр, 9 мамыр мерекелерінің сценарилерін бекіту		
	4. Кіріс құжаттарды талқылау		
6	1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	Шілде	Меңгеруші,
	2. Жаңа оқу жылына дайындық		
	3. 1 мамыр, 9 мамыр мерекелерін талқылау		
	4. Жөндеу жұмыстарын талқылау		
	5. №1 педагогикалық кеңеске дайындық		
	6. Кіріс құжаттарды талқылау		

**Мектепке
дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын
ұйымдастыру**

Негізгі міндеттері	ЖАЗҒЫ КЕЗЕҢДЕГІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕЙТІН ҚҰЖАТТАР	ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІН БІЛІМ БЕРУ САЛАЛА БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕТ ЖҰМЫСТЫҢ БАҒЫТТАРЫ
Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;	- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі, ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы; - «Қазақстан Республикасы мектепке	Балалардың жыл бойы алған білімдерін пысықтау, жарқын әсерлермен байыту; - баланың шынығып,

<p>2) тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;</p> <p>3) сапалы мектепалды даярлауды қамтамасыз ету;</p> <p>4) азаматтылықты, қазақстандық патриотизмді, адам құқығы мен бостандықтарын құрметтеуді, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;</p>	<p>деингі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №604 бұйрығы(ҚР БҒМ 05.05.2020 ж №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);</p> <p>- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы;</p> <p>- «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы;</p> <p>- «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы(ҚР БҒМ 18.05.2020 ж №207 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);</p>	<p>денсаулығының нығаюы және ағзаның суық тию сырқаттарын қарсы тұру қабілеттілігінің артуы;</p> <p>-баланың қоршаған ортасында эмоционалдық жайлылық қалыптастыру;</p> <p>-балалардың қарым-қатынаста белсенділігін, бастамашылдығын қолдау арқылы өзіне деген сенімділігін нығайту;</p> <p>-әдептілікке үйрету арқылы эстетикалық мәдениет қалыптастыру;</p> <p>- экологиялық тәрбие негіздерін қалыптастыру;</p> <p>- шығармашылық қабілеттерін дамыту;</p> <p>-балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуда педагогтер мен ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.</p>
--	---	---

Жазғы сауықтыру кезеңіндегі күн тәртібінің үлгісі

Режимдік сәттер, іс-әрекет	Балалармен жұмыс құралдары мен түрлері
Балаларды далада қабылдау	Балаларды қабылдау, әр балада жайлы психо-эмоционалдық көңіл-күй қалыптасуына жағдай жасау. Серуендеу, балалармен әңгімелесу, басқа балаларды қабылдап болғанша өз бетімен еркін ойнауға немесе басқа балалармен бірге ойнауға болатын ойын түрлері, ойыншықтары бар ойын алаңдарын дайындау және т.б.
Таңғы гимнастика	Бала ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыратын ойын, жүгіру, ырғақты қимыл-қозғалысты қамтитын кешенді гимнастикалық жаттығу түрі. Жаттығу барысында балалардың дұрыс тыныс алуын бақылауда ұстау.
Гигиеналық шаралар	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет етуге баулу (<i>педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу</i>).
Таңғы асқа дайындық	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу.
Таңғы ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.
Тәрбиеші мен балалардың	Балалардың білім, білік және дағдыларын еркін іс-әрекетте көрсетуі үшін заттық-кеңістіктік ортаны дайындау. Балалардың өз

еркін әрекеті	оастамасы ооийнша ұйымдастырылған ойындарға еркіндік оеру. Қажеттілігіне қарай жеке жұмыс түрін ұйымдастыру. Проблемалық жағдаяттарды шешу. Балалардың қызығушылықтары бойынша дамыту жұмыстарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы қамту.
Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (<i>тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі</i>), серуенге мотивация (<i>мазмұны, проблемалық жағдаяттар</i>), көркем сөзбен ынталандыру (<i>мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер</i>). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.
Күндізгі серуен	1) Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (<i>қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа</i>). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету, сенсорлық бақшадағы тәжірибелер. Балалардың шынайы өмірді көркем-эстетикалық қабылдауын қалыптастыру. Аумақтық кеңістікте немесе оның сыртында табиғатты тамашалау. Сенсорлық бақшада тірі және өлі табиғат нысандарын, табиғат құбылыстарын бақылау. Балалардың дербес шығармашылық әрекетіне мүмкіндік беру. 2) Еңбекке баулу үшін балабақша ауласында баланың қызығушылығын оятатын кеңістік құру. Балаға ересектердің еңбек етуін бақылату және оларға көмектесуге, бірлесіп жұмыс істеуге тарту. Балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату. 3) Музыка жетекшісі мен дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша жүргізілетін шаралар немесе бірлескен жұмыстар.
Серуеннен оралу	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бір-біріне көмектесуге баулу.
Гигиеналық шаралар	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет етуге баулу (<i>педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу</i>).
Түскі асқа дайындық	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу.
Түскі ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.
Күндізгі ұйқы	Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштық режимін сақтау.
Ұйқыдан тұру	Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында оятугимнастикасын жасату (<i>шынықтыру жаттығулары, тренажерлық жүгіру жолдарын пайдалану</i>),

	музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа).
Бесін асқа дайындық. Бесін ас.	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	Балалардың қызығушылықтарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы дамыту (<i>оның ішінде өңірлік ерекшелікті ескерумен</i>). Балалардың ойы мен идеяларын ескеру арқылы олардың қабілеттерін ашуға мүмкіндік беру.
Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (<i>тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі</i>), серуенге мотивация (<i>мазмұны, проблемалық жағдаяттар</i>), көркем сөзбен ынталандыру (<i>мақал-мәтелдер, жаңылпаздар, жұмбақтар, өлеңдер</i>). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.
Серуендеу	Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету. Еркін ойындар, балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату.
Үйге қайту Ата-анаға кеңес	Ата-анамен күн нәтижесі және алдағы күнге жоспарланған күн тәртібі туралы әңгімелесу. Жеке кеңестер, пікір алмасу.
Ескерту: суга шомылу, күнге қыздырыну және басқа емшара процедуралары күн тәртібіне медбикемен келісіліп қойылады.	